

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Күші жойған

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 10 қыркүйектегі № 170 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 28 қыркүйекте № 3093 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 28 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2013.01.31 № 28 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шыңғырлау аудандық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп Шыңғырлау ауданының аумағында N 11 Привокзал сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына аудандық мәслихаттың депутаттығына барлық кандидаттарының үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Шыңғырлау селолық округінің әкімі үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін белгіленген орындарды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жарақтандырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Айтмұхамбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *А. Халелов*

КЕЛІСІЛДІ:

*Шыңғырлау аудандық
сайлау комиссиясының
төрағасы
Е. Р. Тұрмағамбетов*

10.09.2012 ж.

Аудан

2012

жылғы

10

әкімдігінің

қыркүйектегі

№ 170 қаулысына қосымша

**Шыңғырлау ауданының аумағында
№ 11 Привокзал сайлау округі бойынша
шығып қалған депутаттың орнына
аудандық мәслихаттың депутаттығына
барлық кандидаттарының үгіттік баспа
материалдарын орналастыру үшін
орындар**

Селолық округ атауы	Елді мекен атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
Шыңғырлау	Шыңғырлау	Мәдениет үйі ауданындағы стенді
		"Л. Клышев атындағы орта жалпы білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің ауданындағы стенді
		"Шыңғырлау орта жалпы білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің ауданындағы стенді
		Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының "Шыңғырлау колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ауданындағы стенді